АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ
ТЕМІР АУДАНЫНЫҢ
ӘКІМДІГІ

АКИМАТ
ТЕМИРСКОГО РАЙОНА
АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ

ҚАУЛЫ

25.02.2025 № 51
Шұбаркұдық кенті

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

пос. Шубаркудук

Темір ауданы бойынша сауда-саттықта (аукциондарда) сату үшін ұсынылған жер учаскелерінің тізбесін анықтау туралы

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 48 бабына, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31 бабына, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің «Жер учаскелерін немесе жер учаскелерін жалдау құқығын сату жөніндегі сауда-саттықты (аукциондарды) мемлекеттік мүлік тізілімінің веб-порталында электрондық түрде ұйымдастыру мен өткізу қағидаларын бекіту туралы» № 297 бұйрығына сәйкес Темір ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Сауда-саттықта (аукциондарда) сату үшін ұсынылған жер учаскесінің көлемі 0,2000 га тізбесі қосымшаға сәйкес анықталсын.
2. Сауда-саттықта (аукциондарда) сату үшін жер учаскелері ұсынылған және осы қаулыдан туындайтын басқа да, шараларды орындау Темір аудандық жер қатынастары бөліміне тапсырылсын.
3. Осы қаулының орындалуын бақылау Темір ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Темір ауданының әкімі **А.Жақсылықов**

002369

Темір ауданы әкімдігінің
2025 жылғы «25»
«ақпан»
№51 қаулысына
қосымша

Саудада (аукциондарда) сату үшін ұсынылған жер учаскелерінің тізімін бекіту туралы

р/с	Сауданы өткізу тәсілі мен әдісі	Құқықтан айыру түрі	Жер учаскесінің алаңы (га)	Нысаналы Мақсаты	Жер учаскесінің орналасқан жері
1	Ағылшын	3 жыл жалдау құқығын сатып алу	0,2000	Көп қабатты тұрғын үйді орналастыру және қызмет көрсету үшін	Шұбарқұдық кенті, Қызылжар м.а.
Жиынтығы, га			0,2000		